ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылдың 9 маусымы № 3514-25-00-2/1985 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Елеуов Т.Қ.,
сот отырысының хатшысы А.Есенбаеваның қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Асылзат Амантайқызы Есен ұсынған «Әмір» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Г.Ныгметжан
Талапкер өкілі Т.Шаленов
Жауапкер А.Есен

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылдың 31 наурыз айында «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай – талап қоюшы*) А.А.Есен ұсынған «Әмір» жеке кәсіпкерінің (*әрі қарай – жауапкер*) арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік №39 шарт (*әрі қарай – шарт*) жасалған.

Шарт негізінде жауапкер талап қоюшыға экскурсоводтарға арналған мамандандырылған форманы жеткізіп беру міндеттелген.

Шарт бойынша жеткізетін мерзімі 2025 жылғы 25 сәуір айына дейін деп белгіленген, шарттың жалпы сомасы 280 500 теңгені құрайды.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін атқармаған. Осыған орай, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және айыппұл өндіруін талап қоюшы сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты толықтай қолдап, жауапкердің атқармағаны жайлы түсінік берді, талапты толығымен қанағаттандыруды және 5 891 тенге айыппұл өндіруін сұрайды.

Жауапкер талап арызды мойындады, айыппұлды төлеуге қарсы емес.

Прокурор сот отырысында талап арызды қанағаттыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Талап №1

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 8 бөлігінің 4 тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

2025 жылдың 31 наурыз айында тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, шарт негізінде жауапкер талап қоюшыға қызметтік бланкі өнімдерін дайындап беруін міндеттелген, ол мерзімі 2025 жылдың 25 сәуір айына дейін деп белгіленген, шарттың жалпы сомасы 280 500 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Алайда, жауапкер өз мойнына алған міндеттемелерін 2025 жылдың 25 сәуір айына дейін орындаған жоқ. 2025 жылғы 25 мамыр айында шарт бұзылды.

Заңмен қарастырылған мерзім талап қоюшымен сақталған, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызымен талап қоюшы сотқа 21.05.2025 жылы жүгінді.

Айтылғандардың негізінде сот мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арыз қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Талап №2

Талапкер Шарттың 8.3-тармағына сілтеме жасай отырып, тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды талап етіп сотқа жүгінді, оған сәйкес тапсырыс беруші төлем шарттарын бұзған жағдайда жеткізушіге жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. әрбір кешіктірілген

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 13.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Елеуов Т. К., 15.07.2025

күнтізбелік күн үшін Шарт сомасы, бірақ Шарттың жалпы сомасының 15 %-нан аспайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес айыппұл заңда немесе шартта айқындалған, борышкер оны орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кредиторға төлеуге міндетті ақша сомасы болып табылады. міндеттемені орындау, атап айтқанда орындауды кешіктірген жағдайда.

Талапкер 2025 жылдың 26 сәуірдің 17 мамырға дейін (талап арыз берілген күн) 21 күн ішінде тұрақсыздық айыбының есебін ұсынды. Сот бұл есеппен келіседі. Шарт бойынша міндетін уақытында орындамағаны үшін жалпы айыппұл келесідей 5 891 теңгені құрады: 280 500 теңге х 0,1% х 21 күн = 5 891 теңге.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117 бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған 2 143 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж жауапкерден бюджет пайдасына өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арыз толық қанағаттандырылсын.

Асылзат Амантайқызы Есен ұсынған «Әмір» жеке кәсіпкері (БИН/ИИН 990220451100) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Асылзат Амантайқызы Есен ұсынған «Әмір» жеке кәсіпкерінен республикалық бюджет есебіне 5 891 (бес мың сегіз жүз тоқсан бір) теңге айыппұл сомасы және жергілікті бюджет есебіне 2 143 (екі мың жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 13.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Елеуов Т. К., 15.07.2025

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 13.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Елеуов Т. К., 15.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»